

еремен  
и

якът е твой

# Әмірдің өзегіндей

Журналист-жазушы Қайсар Әлімнің “Фолиант” баспасынан жуырда жарық көрген сегіз томдық шығармалар жинағының алғашкы кітабына “Сырбай мен Fafu” эссе-хикаяты кірген. Онда қазақ жыр әлемі қос жұлдызының әмірлеріндегі көп ешкім біле бермейтін деректер тартымды дәтальдар арқылы әдемі ерілген.

Сондай-ақ автордың 1992 жылдың 1-18 қыркүйегі аралығында Торғай облысынан жасақталған арнаулы экспедиция құрамында болып, Алаш ардактысы Міржақып Дулатұлының мурдесін 57 жылдан соң Карелияның Сосновец стансасындағы қабірден алып, тұған топырағы – Жанкелдин ауданына әкеліп жерлеу сияқты тендересіз оқиғаны арқау еткен “Міржақыптың оралуы. Возвращение из небыты” хикаят-сапарнамасы да тартымдылығымен ерекшеленеді.

Екінші томға кірген “Қоштаспаймыз, апа!” кітабына қаламгердің әр жылдары жазылған көркем және деректі шығармалары топтастырылған. Алты тағаннан тұратын: әңгімелер мен новеллалар, көсемсөздер мен фельетондар, рецензиялар мен қаз-қалпында секілді жанрларға жүйеленген дүниелер оқырмандар талғамынан шығатынына сенім мол. Мұндағы “Қара кемпір”, “Қаңбак шал”, “Аңсау”, “Өгейлік”, “Кірпіштің сынығы”, “Күнө”, “Сүр “Волга” сияқты әңгімелер кезінде оқырмандардан жақсы бағасын алған болатын.

Автордың “Чернобыль қаһарманы” хикаяты 1989 жылғы жарияланымда “кенестік цензура” сүзісімен тен жартысы қыс-

**Жанат ЕЛШІБЕК,**  
“Егемен Қазақстан”.

картылып басылғаны бар. Үшінші томға сол шығарма “Мәңгілік шер” деген бастапқы атауынан толық нұсқасында кіргізіліп отыр. Онда Чернобыль атомэлектр стансасындағы 1986 жылы болған апат өртін сөндіруде ерлік көрсеткен қостанайлық Леонид Телятниковтің (осы жаңқиярлығы үшін ол Кенес Одағының Батыры атанды) бейнесі жарықын сомдаған.

Ал, көлік апатаңа ұшырап, екі аяғы сал болып қалса да тілшілік қаламын тастамай “Торғайдың Маресьеві” атанған Калиасқар Тұктібаевтың әмірге күлшішінің “Мықшеге” хикаятына арқау болған.

Төртінші томда (“Жанығу” кітабы) тағдыр тәлкегі мен киындығына қаssая қарсы тұрып, әмірді мағыналы өткере білудің небір тамаша үлгі-әнегесін көрсеткен, сейтіп, соңына өшпес із қалдырган айрықша таланат иелері мен біртуар тұлғалардың немесе қарапайым мамандық иелерінін азamatтық асылы бейнелері көркем бейнеленген.

“Сұлтанбек пен Бәтіма” дастаны ҳалық аудында жатталған жыр жақуттары санатына жатады. Бұл аталақ екі жастың – арасындағы қайғылы махабbat оқиғасы Себіт Мұқановтың “Адасқандар” (“Мөлдір махабbat”) романына арқау (Бүркіт пен Бәтес) болғаны белгілі. Бұрын баспа жүзін көрмеген бұл гашықтық жырдың авторы –



Сұлтанбек Әбеуұлының өзі. Енді осы шығарма ел аудынан жиналып, екшелген күйінде қалып оқырманнаның көдесіне жарап отыр.

“Махабbat жыршысы” кітабының алтын арқауына Ұлы Отан соғысының ардагері, Казакстанның халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік және А.А. Фадеев атындағы мемлекетаралық сыйлықтарының лауреаты Эзілхан Нұршайықов пен жазушы Қайсар Әлімнің 30 жыл бойы (1975-2005 ж.ж.) хаттасулары негіз болған.

Бесінші томда атамыш шығарманың бірінші кітабына енген “Халима: Махабbat маздағы”, “Тән шәрбәті”, “Мұнды мұнлық” белімдері ұсынылып отыр.

Алтыншы томға енген “Махабbat жыршысының” екінші кітабында “Жалғыз

жолаушы”, “Рухани өрлік” және “Қыздар – ұлт анасы” белімдерінің негізінде атакты жазушы Эзілхан Нұршайықовтың махаббатпен өрілген парасатты бейнесі арқау болып, оның өнегелі әмір қырлары жарық ашылған.

Жетінші томға қаламгердің жүйелі жүргізіп келе жатқан ғұмырнамалық қунделігі “Әз өрмегім” деген атпен сұрыпталған күйінде енгізіліпті. Мұндағы лейтмотивы мынадай. Әдамның әмір сүрген ортасы – заман бейнесін сомдайды. Осы түрғыдан алғанда қунделік-хикаят XX ғасырдың алпысынши жылдарын бастап, XXI ғасырдың алғы кезеңінің (1964-2007 ж.ж.) қаскін-кеlebetin қарапайым қаламгердің әмірі, тағдыры мен талайы бедерінде сүзгіден еткізледі.

Соңғы, сегізінші томның түпқазығы – библиографиялық баян немесе шығармашылық дерекнама. 14 кітап, 8 том калай әмірге келді? 2 мыңдай әр түрлі жаңрдағы туындылар калай жазылды? Автордың әдеби жазбасымен жарық көрген кітаптар жөнінде не білеміз? Осының бәрінің сырына канықтырады бұл том.

...Оқырмандарына айтып, жеткізетін ақиқаты мен тағылымы келісті кестеленген бұл томдардың руханият құндылығына қосқан үлесі субелі екендігіне шөк келтірмейміз.